



## АБЫРОЙ БИГІНДЕГІ АЙБЫНДЫ САҚШЫЛАР

**23 маусым – қоғам тыныштығының күзетінде тұрған тәртіп сақшыларының кәсіби мерекесі. Бүгінде полиция қызметкерлері – елімізде қалыптасқан қауіпсіздік пен тұрақтылықтың мызғымас кепілі. Қазақстан полициясы күніне орай ІІМ-де салтанатты шара болып өтті. Мерекелік жиында қызметте ерекшеленген полицейлер марапатталып, ерлікпен қаза тапқан батырларымыздың ата-аналарына, туыстарына құрмет көрсетілді.**

Іс-шара қызметтік борышын өтеу кезінде қаза тапқан қызметкерлерді еске алып, естелік тақтасына гүл шоқтарын қою рәсімінен басталды. ІІМ қызметкерлері, ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлері, шетелдік құқық қорғау органдарының өкілдері және ведомство қонақтары қылмыспен

күресте ерлікпен қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Тәртіп сақшыларының төл мерекесіне арналған салтанатты шара ІІМ-нің концерт залында жалғасты. Мерекелік жиында сөз алған Ішкі істер министрі полиция генерал-лейтенанты Ержан Саденов ішкі істер саласының

ардагерлері мен қызметкерлерін Қазақстан полициясы күнімен құттықтады.

– Бұл мереке – заң мен тәртіптің, тыныштық пен қауіпсіздіктің қорғауында тұрған тәртіп сақшыларының еңбегіне, ерлігіне көрсетілген құрмет деп білеміз. Тәуелсіздіктің алғашқы

күнінен бастап полиция қызметкерлері қылмыспен күресу, тұрақтылық пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қойылған міндеттерді абыроймен орындап келеді. Сіздердің қызметтеріңіз білім мен қабілетті ғана емес, сондай-ақ, батылдықты, төзімділікті және табандылықты талап етеді. Азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігі – бізге жүктелген үлкен жауапкершілік. Алдағы уақытта да антқа адал, сертке берік болатындарыңызға сенемін, – деді министр өз сөзінде.

Сонымен қатар ведомство басшысы кейінгі жас қызметкерлерді отаншылдыққа тәрбиелеп, қызметте үлгі-өнеге көрсетіп жүрген сала ардагерлеріне алғысын білдірді.

**Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН,  
Суреттерді түсірген  
Медет ӘШІРБЕК**

Жалғасы 2-бетте ►►►



## ЕЛ ЖӘНЕ ӨЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



✓ Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Масс-Медиа» туралы заңға қол қойды. Жаңа құжатқа сәйкес енді отандық өнімнің үлесі артады. Есесіне шетелдік бағдарламалардың саны қысқарады. Сондай-ақ жарияланған материалға бір жылдан кейін ешкім сотқа шағымдана алмайды. Журналист сұраған ақпараттық сауалға бес күннің ішінде жауап берілуі тиіс. Шұғыл ақпаратқа жауапты мекеме үш сағаттың ішінде жауап беруге міндетті. Жаңа заң бойынша мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарына да гранттар беріледі. Отандық контентті дамыту мақсатында олар да мемлекет қолдауына ие болады. Айта кетейік, «Масс-медиа туралы» заң екі жыл бойы талқыланды. Бас кезінде дау тудырған «Баспасөз картасы» құжаттан мүлдем алынып тасталды.

✓ Грекиядағы аралдың өртенуіне Қазақстан азаматтарының қатысы жоқ. Бұл туралы Сыртқы істер министрлігінің өкілдері мәлімдеді. Бұған дейін кейбір бұқаралық ақпарат құралдарында «Грекияда Қазақстан азаматтары отшашу жасап, орман өртеді» деген ақпарат тараған еді. Аталған жайтқа байланысты Қазақстан консулы Грекия билігіне хабарласқан көрінеді. Сол елдің полициясы ұсталғандар арасында отандастарымыздың жоқ екенін айтқан.

✓ Бірінші кредиттік бюроның хабарлауынша, жыл басынан бері 8,5 мыңнан астам қазақстандық үй алу үшін ипотека алған. Бұл былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда 16 пайызға аз. Қазір елде 558 мың адамның ипотекалық несиесі бар. Олардың жалпы қарызы – алты триллион теңге. Ипотекалық қана емес, автонеие көлемі де азайған. Мәселен, жыл басынан бері 14 мың 500 автонеие рәсімделді. Бұл өткен жылдың осы кезімен салыстырғанда 10 пайызға аз.

✓ Астанадан еліміздің оңтүстік өңіріне қосымша пойыздар қатынайды. Бұл туралы Көлік министрлігі хабарлады. Пойыздар жаздың соңына дейін күн сайын №204/203 Астана – Шымкент және №202/201 Астана – Алматы бағыттары бойынша жүреді. Аталған шаралар жолаушылардың жаз маусымындағы сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік беріп отыр. Осы ретте еліміздің көлік саласына жауапты министрлігі жол сапарларын алдын ала жоспарлауға және билеттерді алдын ала сатып алуға шақырады.

✓ Ыстамбұл таксилеріне «SOS» дабылы орнатылады. Қара жолдың бойында түрлі оқиғалар да болып жатады. Ыстамбұлда кейінгі кездері такси жүргізушілеріне шабуыл күшейді. Осыған байланысты шаһар әкімшілігі «SOS» батырмасын енгізу бастамасын қолға алған. Төтенше жағдай тетігін орнату нұсқауы Ыстамбұлдағы барлық 153 ауданның әкімшілігі мен полиция бөлімшелеріне таратылды. «SOS» батырмасын басқанда дабыл жақын маңдағы полиция бөлімшесіне автоматты түрде жетеді. Қауіпсіздік жобасы бір ай бойы сынақтан өткізілмек. Тиімділігін толық дәлелдеген жағдайда, бұл тәжірибе елдің барлық ірі қаласына енгізілуі мүмкін.

✓ Қытайда су тасқынынан жағдай ұшығып барады. Елде өзендер тасып, сарқыраған қызыл су жүздеген қала мен елді мекендерді басып жатыр. Табиғи апат салдарынан 300 мыңға жуық адам үй-жайын тастап, қауіпсіз жерлерге көшті. Мыңдаған гектар ауыл шаруашылығы алқаптарын су шайып, шаруалар зор шығынға батты. Тілсіз жаудан, әсіресе, Гуандун, Гуанси және Фуцзянь провинциялары қатты зардап шекті. Бұл аймақтарда тасқын кезінде 38 адам көз жұмды. Тағы жиырма шақты кісі із-түссіз жоғалып кетті. Бір ғана Пиньюань округінде 56 мыңға жуық тұрғын зардап шекті. Екі мыңнан астам үй қирап, тағы 3200-і зақымданды. Жұрт үдере көшуге ұмтылғанымен, қызыл су елді мекендер мен қалалардан шығатын жолдарды бір түнде шайып, көп қиындық туындады. Өңірде 82 бағытта жолдар жабылып, 356 шақырым асфальттің тас-талқаны шықты.

Жалғасы. Басы 1-бетте

# АБЫРОЙ БИГІНДЕГІ АЙБЫНДЫ САҚШЫЛАР

– Құрметті ардагерлер! Сіздер жас буынға жол көрсетіп, оларды шыңдауға және біліктілікті арттыруға баға жетпес үлес қосып жүрсіздер. Заң мен тәртіптің нағыз қорғаушысы қандай болуы керек екенін көрсетіп келесіздер. Сіздердің тәжірибелеріңіз бен даналықтарыңыз – полиция жастары үшін таптырмас үлгі. Баршаңызға алғысымыз шексіз. Біз сіздерді әрқашан мақтан тұтамыз, – деді Ішкі істер министрі Ержан Сапарбекұлы.

Осындай атаулы күні қызметте қаза тапқан полиция қызметкерлерінің есімдерін еске алмау мүмкін емес. Министр өз сөзінде қызметтік міндеттеріне адал болып, өмірін құрбан еткен тәртіп сақшыларының жанұялары полиция тарапынан көрсетілетін қамқорлықтан тыс қалмайтынын атап өтті.

– Айтулы күні азаматтардың амандығы үшін өз өмірін қиған бейбіт заманның батырларын айтып кетпеске болмас. Өздеріңіз білетіндей, Тәуелсіздік жылдары қызметтік міндеттерін орындау кезінде 817 тәртіп сақшысы қаза болып, 5000-ға жуығы жарақат алды. Ақтық демі қалғанша адал болғандарды біз ешқашан ұмытпаймыз. Олардың рухына біз мәңгілік тағзым етеміз. Қаза болған әріптестеріміздің ата-аналарына, жұбайларына айтарым, сіздердің сабырлылық пен төзімділік қасиеттеріңіз үлкен құрметке ие. Сіздер әрқашан Ішкі істер органдарының қамқоры мен қорғауындасыздар, – деді министр.

Қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде еліміздің маңызды құрылымы – Ішкі істер министрлігінің алдына нақты міндеттер қойылған. Бұл бағытта полиция қызметкерлеріне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қазақстан халқының артқан сенімі мол. Сөз соңында әріптестеріне Ішкі істер министрі Ержан Саменов халық алдындағы жауапты қызметте сәттілік тіледі.

– Құрметті әріптестер! Бүгінде еліміздің алдында елеулі сын-қатерлер тұрған күрделі кезеңде өмір сүрудеміз. Сіздерге тан кәсібилік пен қайсарлықтың арқасында біз кез келген қиындықты бірге жеңеміз деп сенемін. Сіздердің еңбектеріңізге Мемлекет басшысы жоғары баға беріп отыр. Жұырда еліміздің Президенті су тасқынымен күресу кезінде көрсеткен ерен еңбегі мен ерлікпен



бұйрығымен республика бойынша 1 274 полиция қызметкері наградталды. Бүгінгі мереке қарсаңында сіздердің әрқайсыңызға зор денсаулық, мол бақыт, отбасыларыңызға тыныштық тілеймін. Отанымыз – Қазақстан Республикасын өркендету жолындағы қызметтеріңізге табыс тілеймін, – деді еліміздің бас полицейі.

Көктемде елде орын алған төтенше жағдай кезінде ерлігімен көзге түскен бірқатар полиция қызметкерлерінің еңбегі жоғары бағаланды. Кәсіби мереке аясында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес қызметтік борышын атқару кезінде көрсеткен ерлігі және жанқиярлығы үшін Ақтөбе облысы ПД учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Есболат Әділханов, СҚО ПД учаскелік полиция инспекторының көмекшісі, полиция капитаны Ақыл Байтеңіз, жедел уәкіл Біржан Бәкіров, Ақтөбе облысының ПД Жылдам қимылдайтын арнайы жасағының взвод командирі полиция майоры Ермек Егіз-

Өтепов, Ақтөбе облысы ПД учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Нұрхат Сәлімгереев пен СҚО ПД учаскелік полиция инспекторы полиция майоры Владимир Синицынға «Ерлігі үшін» медалі берілді.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің алғысхатымен «Ішкі істер органдарының және Ұлттық ұлан ардагерлерінің Қазақстандық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Ішкі істер министрінің кеңесшісі, милиция генерал-майоры Өмірзақ Болсамбеков марапатталды. Одан бөлек Ішкі істер органдарының ардагері Сәулбек Тұрсынғалиұлы, Ұлттық ұлан ардагері Амангелді Резуанұлы, Ішкі істер органдарының ардагері Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Ардагерлер кеңесінің төрағасы Икхан Исламұлы, СҚО ПД Петропавл қаласы ПБ бастығының бірінші орынбасары полиция подполковнигі Әлібек Ғабдуллин, Ақмола облысы ПД Қызмет инспекторы полиция аға лейтенанты Бүркіт Алшынбаев, полиция лейтенанты Рысбек Қабдрашев Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің алғысхатына ие болды.

Сондай-ақ Ішкі істер министрі қоғамдық қауіпсіздікті сақтауда және қылмыспен күресте жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін және Полиция күнін мерекелеуге байланысты бірқатар шетелдік құқық қорғау органдарының өкілдеріне «Халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесі үшін» медальдарын табыстады.

Салтанатты шара Қазақстан полициясы күнін мерекелеуге арналған концерттік бағдарламаға ұласты. Отандық танымал эстрада жұлдыздары – Қыдырәлі мен Қарақат, Бауыржан Исаев, Қуандық Рахым көрермен қауымға өз өнерлерін паш етті. «Абырой» тобы «Рух» әнімен шара қонақтарының рухын көтерсе, Ұлттық ұлан Құрметті қарауыл ротасының «Қару-жарақпен – дефиле» атты виртуоздық көрме қойылымы көптің көңілінен шықты. Қазақ эстрадасының белгілі жұлдызы Төреғали Төрәлі мерекеге қарсаңында «Қазақ полициясы» атты жаңа әннің тұсаукесерін жасады. Ал Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, халықтың сүйікті әншісі Роза Рымбаева «Атамекен», «Цвети, земля моя» өлеңдерін орындап, көрермендердің зор ықыласына бөленді. Мерекелік концерт ІІМ хорының орындауындағы «Атамекен» әнімен аяқталды.



пара-пар істері үшін Ішкі істер органдарының 15 қызметкерін мемлекеттік наградамен марапаттады. Ал 20 қызметкеріміз және алты ардагеріміз Премьер-министрдің тиісті марапатына ие болды. Сонымен қатар менің

баев, Атырау облысының ПД Жылыой ауданы полиция бөлімі бастығының орынбасары Нұрлан Жангелов, БҚО ПД учаскелік полиция инспекторлары – полиция аға лейтенанты Асхат Қаукеев, полиция майоры Дидар



## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

## МАМАН ТАПШЫ, МЕКЕМЕ ТОЗҒАН

**Ішкі істер министрі Ержан Саденовтің қатысуымен ІІМ-де Қоғамдық кеңес отырысы болып өтті. Жиында еліміздегі Пробация қызметінің жағдайы, мәселелері және оларды шешу жолдары талқыланды. Маңызды басқосуға Қоғамдық кеңес мүшелері онлайн және офлайн режимде қатысты.**

Самат ӘЛИБИ

Еліміздегі Қылмыстық-атқару жүйесіне жазаларды орындау шарттары мен тәртібін қамтамасыз ету, сотталғандардың құқығын сақтау, ең бастысы, олардың әлеуметтік бейімделуі үшін нақты міндеттер қойылған. Жиын басында сөз алған Ішкі істер министрі Ержан Сапарбекұлы еліміздегі жазаны өтеу мекемелерінің жағдайы күрделі екенін тілге тиек етті.

— Бүгінгі кеңестің күн тәртібінде қаралатын тақырып өте маңызды. Қылмыстық-атқару жүйесінде шешімін қажет ететін мәселелер бар. Көктемде болған су тасқыны кезінде үш ҚАЖ мекемесін су басты. Ондағы жазасын өтеушілерді тиісті мекемелерге эвакуациялау жұмыстары жедел жүргізілді. Мәселен, Оралда 700 сотталған, ал Солтүстік Қазақстан облысында 1200-ден аса жазасын өтеуші қауіпсіз жерге көшірілді. Сондай-ақ елде жаңа мекемелерді салу қажеттігі туындап отыр, — деді министр сөз басында.

ҚАЖ комитетінің төрағасы Теңізжан Жәнібеков өз сөзінде есепте тұрған тұлғаларға әлеуметтік-психологиялық және заңнамалық тұрғыдан көмек көрсету, сонымен қатар, қайталап жасалатын құқық бұзушылықтар мен қылмыстың алдын алу бойынша бірқатар жұмыстар атқарылғанын айтты.

— Бүгінгі таңда 28 мыңнан астам адам Пробация қызметінің бақылауында. Қайталанатын қылмыстардың алдын алу және есептегі жазасын өтеушілердің мінез-құлқын түзету мақсатында жергілікті әкімдіктермен және үкіметтік емес ұйымдармен әлеуметтік-құқықтық көмек

көрсету бойынша 336 меморандум жасалды. Одан бөлек есептегі тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу үдерісіне 75 үкіметтік емес ұйым, оның ішінде 1007 ерікті тартылған. Биыл Пробация есебінде тұрған 4000-ға жуық азамат медициналық көмек алса, 3000-нан астамы жұмысқа орналастырылды, — деді әділет полковнигі Теңізжан Жәнібеков.

Сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету бойынша Ішкі істер, Еңбек және Денсаулық сақтау министрліктерінің бірлескен бұйрығымен өзара іс-қимыл алгоритмі бекітілді. Осы бағытта Қостанай облысында пилоттық жоба жүргізіліп, онда барлық мүдделі органдардың іс-әрекеттері жан-жақты пысықталды. Сондай-ақ ҚАЖ комитетінің төрағасы қабылданған шаралардың нәтижесінде қылмыстар 21%-ға (608-ден 479-ға), оның ішінде ауыр және аса ауыр қылмыстар 25%-ға (270-тен 202-ге), кісі өлтіру 42%-ға (7-ден 4-ке) азайғанын жеткізді.

Дегенмен Пробация қызметінде шешімін күткен мәселелер жоқ емес. Комитет төрағасы Қоғамдық кеңес отырысында олардың бірқатарына тоқталды. Солардың бірі — Пробация мекемелеріндегі материалдық-техникалық жағдайдың нашарлауы. Мекемелерде жабдықталған 83% компьютер құрылғыларының 55%-ы есептен шығарылуға мәжбүр. 66% қызметтік көліктердің басым бөлігінің жарамдылық мерзімі өткен.

— Екінші мәселе — кадрлардың жетіспеушілігі. Бүгінде республика бойынша 6828 елді

мекенде 1430 адамнан тұратын 245 Пробация қызметі жұмыс істейді. Мекемелердегі қызметкерлердің жетіспеуі — құқықтық тәртіпті бақылауды дұрыс жүзеге асыруда белгілі бір қиындықтар туғызады. Осыған орай, 2024-2028 жылдарға «Қоғаммен әріптестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету» тұжырымдамасын іске асыру аясында оларды әкімшілік полиция құрылымына беру мәселесі қарастырылууда, — деді Т.Жәнібеков.

Басқосудың талқылау бөлімінде Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы, қоғамдық кеңес мүшесі Баян Жұмашқызы түзеу мекемелеріндегі жазасын өтеуші әйелдер мен олардың балаларына әлеуметтік-психологиялық көмек көрсетілуі қажет екенін баса айтты. Ал заң ғылымдарының кандидаты Ануар Құрманбайұлы еліміздегі жазалау орындарында қызмет атқаратын ҚАЖ мамандарының жалақысын арттыру мәселесін талқылады. Сондай-ақ Қоғамдық кеңес мүшесі Берік Сәлімжанұлы республика өңірлерінде құрылысы тозған ҚАЖ мекемелерін жаңадан салу мәселесі бойынша бірнеше мысалдар келтіріп, өз пікірін білдірді.

Жиын соңында Ішкі істер министрі Ержан Саденов ішкі істер органдарының азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін Қоғамдық кеңес төрағасы Рахым Ошақбаев пен оның мүшелеріне Қазақстан полициясы мерекесіне орай алғысын білдіріп, грамота табыстады.

## ЖЕТІ КҮН



✓ «Хан Шатыр» сауда орталығында қазақстандық полицейлердің жұмысынан сыр шертетін фотокөрме өтті. Галереяда тәулік бойы азаматтардың тыныштығы мен қауіпсіздігін күзететін тәртіп сақшыларының жұмысы көрсетілді. Іс-шара Қазақстан полициясы күніне орай ұйымдастырылды. Әлеуметтік жоба азаматтардың құқықтық санасын нығайтуға, құқық бұзушылықтарға мүлдем тәзбеушілікті қалыптастыруға, құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған. Жалпы, полицейлердің жұмысы қылмыскерлерді ұстаумен және қылмыстарды ашумен шектелмейді. Учаскелік және патрульдік полиция инспекторлары, сондай-ақ, басқа да қызметтердің қызметкерлері кез келген төтенше жағдайда көмекке келеді. Бұған су тасқынына қарсы іс-шаралар, орман өрттері кезіндегі полицияның жұмысын көрсететін фотосуреттер дәлел бола алады.

✓ Астана қаласы полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев мәслихат депутаттарымен бірге Көктал-2 шағынауданында жаңа учаскелік полиция пунктін ашты. №71 учаскелік полиция пункті Н.Тілендиев даңғылындағы «Жеті жол-3» тұрғын үй кешенінде орналасқан. Үй-жайдың жалпы ауданы 57 шаршы метрді құрайды. Ғимарат азаматтарды қабылдауға арналған заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған. Шағынауданда Астана қаласы әкімдігінің «№5 Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебі» КММ және №68 мектеп-гимназия, автокөлік иелері үшін Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығы сынды маңызды нысандар бар.

✓ Алматыда Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне арналған «SAGADAT BATYR OPEN» AIGA грэппингінен халықаралық турнир өтті. Оған Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан спортшылары қатысты. Турнирді ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының іс-шараларын орындау шеңберінде ұйымдастырды. Шараның негізгі мақсаты — спорт арқылы жастар мен балалар арасында есірткіге, нашақорлыққа қарсы имунитет қалыптастыру.

✓ Түркістан облысының тәртіп сақшылары «Таза Қазақстан» акциясы аясында 6,5 мыңнан астам заң бұзушылықты анықтады. Оның ішінде бейнебақылау камералары арқылы 251 құқық бұзушылық анықталды. Сондай-ақ тәртіп сақшылары басқа да мемлекеттік органдар, қоғамдық көмекшілермен бірлесіп, белгіленбеген жерлерге қоқыс шығару ережелерін бұзуға жол бермеу туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Жыл басынан бері полицейлер облыс аумағында «Нөлдiк тәзімділік» қағидаты бойынша 19 мыңға жуық әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады. Жалпы, пайдалану орындарын ластағаны үшін 11581, абаттандыру ережелерін бұзғаны үшін 4112 тұрғын жауапқа тартылды. Сонымен қатар 3950 құқық бұзушыға ескерту жасалды.

✓ Жамбыл облысында полицейлер 700-ден астам мопед пен скутер жүргізушілеріне айыппұл салды. Жүргізушілермен екі дөңгелекті көлік құралдарын қауіпсіз жүргізу және олардың жол қозғалысы ережелерін сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алайда полиция қызметкерлері қабылдаған шараларға қарамастан, олар жол қозғалысы ережелерін бұзуды жалғастырып, жол апаттары орын алады. Жол апаттарын азайту мақсатында полицейлер мопедтер мен электрлік скутерлердің қатысуымен ЖКО жиі болатын облыс орталығының көшелері мен қала сыртындағы тас жолдарды тұрақты түрде бақылауды қолға алды. Жыл басынан бері 485 мопед жүргізушісі және 251 электрлік скутер жүргізушісі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Айып тұрағына 153 скутер қойылды.

## АҢЫЗ АДАМҒА АУДИТОРИЯ АШЫЛДЫ

**Қазақстан полициясының 32 жылдығын мерекелеу аясында ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясында еліміздің көрнекті тұлғасы, ІІМ-нің бірінші министрі, милиция генерал-лейтенанты Шырақбек Қабылбаевтың құрметіне арналған жаңа аудиторияның салтанатты ашылуы өтті.**

Гүлнәр МАҒЗҰМОВА,  
М.Есболатов атындағы  
Алматы академиясы

Шараға көрнекті қоғам қайраткерлері, ішкі істер органдарының ардагерлері, сондай-ақ, генерал Қабылбаевтың отбасы, жақындары, туыстары қатысты.

— Шырақбек Қабылбаев — Қазақстан полициясының дамуына зор үлес қосқан тұлға. Осылайша біз еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті дамытуға үлкен үлес қосқан көрнекті тұлғалардың мұрасын жеткізе аламыз, — деді ІІМ Алматы академиясында.

Сондай-ақ мемлекет қайраткерінің туыстарының қатысуымен қызмет бабында ерлікпен қаза тапқан полицейлердің ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Салтанатты шара соңы мерекелік концертке ұласты.



## БАТЫРЛАРДЫ ҰЛЫҚТАУ – БҮГІНГІ ҰРПАҚ ЕНШІСІ



**Ақтөбе қаласындағы №13 орта мектепте ерлікпен қаза тапқан полиция аға лейтенанты Руслан Жолдыбаевтың құрметіне кадет сыныбы ашылды.**

Ерболат САРҚҰЛОВ,  
Ақтөбе облысы

Ақтөбе облысы ПД арнайы мақсаттағы бөліністің аға инспекторы Руслан Баққалиұлы 2011 жылдың 1 шілдесінде Темір ауданында экстремистік сипаттағы қылмыстық топ өкілдерімен қарулы қақтығыста қаза тапты.

Ол әріптестерінің өмірін сақтап қаламын деп оққа ұшқан еді.

Батырдың ерлігі мен жанқиярлығын айшықтау мақсатында өткізілген шараға Ақтөбе облысы полиция департаментінің басшылығы мен жеке құрамы, ІІО ардагерлері, облыс әкімінің орынбасары, мектеп ұжымы, батырдың анасы, жары мен қызы, сондай-ақ, оқушылардың ата-аналары қатысты.

— «Ұлым дейтін елі болмаса, елім дейтін ұл қайдан шықсын?» деген А.Байтұрсынұлының мағынаға толы қанатты сөзі бар. «Елім» деп езіліп, жанын қиған Руслан Баққалиұлының ерлігі бойымызда шексіз құрмет пен мақтан-ныш сезімін ұялатса, екінші жағынан оның қайғылы қазасы қабырғамызды қайысты-



рады. Ел үшін жанын қиған еріміздің есімін ұлықтау және үлгі ету мақсатында бүгін облыс әкімдігінің қолдауымен ашылып отырған кадет сыныбының өрендері болашақта еліне адал қызмет ететін азаматтар боларына сеніміміз мол, — деді кадет сыныбының ашылу рәсімінде сөз алған полиция департаментінің бастығы Абай Жүсіпов.

Департамент бастығы батырдың анасы Алтын Жолдыбаевамен бірге «Айбын» орденінің иегері Руслан Жолдыбаев атындағы әскери даярлық кабинетін салтанатты түрде ашты. Бұдан кейін орта мектептің 6-шы сыныбындағы 25 оқушы тәртіп сақшыларының алдында адалдыққа берік болуға ант қабылдады.

БӘРЕКЕЛДІ!

## ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТКЕНДЕРГЕ ҚҰРМЕТ

**Қазақстан полициясы күніне орай Әскемен қаласында бес қабатты тұрғын үйдің қабырғасына халықтың қорғаны болған полиция қызметкерінің бейнесі салынған муралдың ашылу салтанаты өтті.**

**Айсұлу МҰХАМЕДҚАЛИЕВА, Шығыс Қазақстан облысы**

Полиция қызметкерінің кәсібі өте қиын, әрі қауіпті болып саналады. Тәртіп сақшылары қызметтік борышын бәрінен жоғары қояды. Өйткені адамдардың қауіпсіздігі, қоғамдық тыныштық пен тәртіп басты міндет болып табылады.

Дәл осы қасиеттерді суретші үйдің қабырғасына салған суретте толық көрсеткен. Ол қолына бала ұстаған тәртіп сақшысын бейнелеу арқылы ішкі істер органдары қызметкерлерінің кез келген уақытта көмекке келетінін, жұртқа жақын екенін дәл бере білген.



Салтанатты шараға ШҚО ПД бастығы, полиция генерал-майоры Ерлан Омарбеков, облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрлыбек Үдербаев және жеке құрам қатысты. – Мемлекет басшысы біздің алдымызға бірқатар міндеттер қой-

ды. Біз оны абыроймен орындайтынмызға сенімдімін. Мемлекеттің нығайуы үшін мықты тәртіпті қамтамасыз етеміз. Өйткені, Қазақстан халқы болашаққа сеніммен қарауы керек, – деді полиция генерал-майоры Ерлан Омарбеков.

Қазақстан полициясының рөліне отставкадағы милиция полковнигі Нұрлыбек Үдербаев та тоқталып өтті: – Бүгін біз тек құрмет көрсетіп қана қоймай, азаматтарымыздың тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін өз

өмірін құрбан еткен әріптестерімізді еске алдық. Бұл мурал Отанға деген сүйіспеншілік пен заңға адал қызмет етудің символына айналсын, – деді. Айтпақшы, бүгінде Шығыс Қазақстан облысы полициясының қатарында 3000-нен астам полиция қызметкері абыроймен қызмет етуде.

## «ЛЕДИ» ФИЛЬМІ КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ

**Жамбыл облысының полиция департаменті шынайы оқиғаларға негізделген «Леди» атты детектив ит туралы фильм түсірді.**



Полиция департаментінің кинологиялық қызметі орталығында Леди атты төрт жасар бельгиялық овчарка тұқымдас ит бар. Ол кіші инспектор-кинолог Нұрбол Төребекке бекітілген.

Леди – шабуылдаушы ит, яғни қауіпті қылмыскерлерді ұстауға, сонымен қатар, заттар мен жарылғыш құрылғыларды табуға арнайы үйретілген. Кинологиялық қызмет орталығында болған кезеңде оның көмегімен 80-нен астам қылмыс (тонау, қарақшылық шабуылдар, кісі өлтіру) ашылып, қауіпті қылмыскерлер құрықталды.

– Күмәнді заттарды табу бойынша шақырту түскен кезде бірінші кезекте инспектор кинолог итпен

**Гүлсара МҰХТАРҚҰЛОВА, Жамбыл облысы**

және саперлермен бірге сол жерге барады. Мәселен, 29 мамырда полицияға көшеге қалдырып кеткен иесіз сөмке туралы екі шақырту түсті. Біздің Леди детектив ит екі жерге де барды. Жарылғыш құрылғыларды таппаған ит полицейге белгі беріп, содан кейін сөмкелерді ашты, – дейді Кинологиялық қызмет орталығының бастығы Юрий Наливкин.

Леди 2021 жылы Байзақ ауданында орын алған жарылыс кезінде де жарылғыш заттарды іздеуге қатысты. Қызмет еткен жылдары ол өзін талай рет кәсіби, сенімді серік ретінде көрсетті. Қылмыскерлерден қорықпайтын қызметтік ит Кинологиялық қызмет орталығында жиі қонақ болатын, канистерапия қажет ететін ерекше балаларға мейірімділік танытады. Леди балаларға арналған көрнекі қойылымдарға қатысады. Ол шабуылдау мен іздеу дағдыларын көрсетуді өте жақсы көреді.

Айта кетерлігі, Жамбыл облысындағы полицейлер елімізде алғашқылардың бірі болып қызметтік иттерге қарым-қатынас әдістерін арнайы үйретіп, балаларға «дәрігер» ретінде пайдалана бастады. Заманауи технологиялардың үздіксіз дамуына қарамастан, заңсыз заттарды іздеудегі, қылмыскерлерді ұстаудағы және қылмыстарды ашудағы қызметтік иттердің рөлі күн сайын артпаса, кеміген емес.

## ҚАДІРІ ҚАШҚАН ҚАРАКӨЗДЕР

**Биыл маусымның 15-інен бастап елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты заң күшіне енді. Заңдағы өзгерістерге сәйкес, бұрын әкімшілік іс санатына жататын отбасындағы кикілжің түрлері енді Қылмыстық кодекспен қаралады. Тақырыпқа орай Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында отбасы дебоширлерінің құрбанына айналған әйелдермен кездесіп, олардың ауыр күрсінісіне құлақ салдық.**

**Гайһарай ЕСИМОВА, Астана – Ақтау – Астана (Кейіпкерлердің аты-жөні өзгертіліп берілді)**

Маңғыстау облысында зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдер мен балаларды орналастыратын екі орын бар. Алғашқысы – облыстық «Рай» дағдарыс орталығы.

лықты пана еткен бес әйелдің барлығы – жоғары білімді. Олар мұғалім, заңгер, мұнайшы мамандықтарын меңгерген. Бірін күйеуі көк ала қойдай етіп сабаса, енді бірінің бала-

бөлімінің аға инспекторы полиция майоры Камила Жарылқасын-



Бұл орталық 15 адамға шақталған. Үкіметтік емес ұйым ғимаратында қазіргі таңда 14 адам бар.

Ал келесі №2 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы мемлекет меншігі болып саналады. 2020 жылы Қарттар үйінің жанынан ашылған орталықты бүгінде 5 әйел, 13 бала пана етіп отыр. Мұнда келгендердің көпшілігі – күйеуі ұрып-соғып, тағдырынан таяқ жегендер. Тіпті араларында енесі қол көтеріп, «шықпа жаным, шықпа» деп күн кешкен әйелдер де кездеседі.

Орталық басына іс түскен әйелдерді тығырыққа тірелген жағдайдан шығарып, өмірді жаңа қырынан тануға көмектеседі. Еңсесі түскен әйелдерді ортаға бейімдейді, сегіз түрлі әлеуметтік бағыт бойынша қолдау көрсетеді. Алты айға дейін тұрғынжаймен қамтамасыз етіп, балаларын балабақшаға және мектепке орналастырады. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы арқылы әйелдердің жұмысқа тұруына жәрдемдеседі. Медициналық, құқықтық көмек көрсетуді де басты назарға алады. Әсіресе, жәрдемақыға қолы жетпей және алимент өндіруде ісі өнбей жүрген әйелдердің шаруасының оңынан шешілуіне ықпал етеді. Бұл бойынша атқарылар қыруар іс орталық заңгерінің мойынында. Мәселен, осы орталықтағы төрт баласын төрт күйеуден туған бір әйел заңгердің көмегімен әлеуметтік көмек алатын болды. Бұрын жәрдемақыға келгенде құжаттары реттелмей, талай есікті тоздырған. Орталықта психолог жұмысы да жолға қойылған. Әйелдермен қатар балалармен де аңгімелесіп, олардың психологиялық ахуалының оң бағытқа өзгеруіне себепші болады. Өмір мұндай қиын кезеңмен тоқтамайтынын түсіндіріп, алға мақсат қоюға деген ұмтылысын оятады. Егер әйел күйеуіне қайта қосылуды көзденде, оған қарсы болмайды. Алайда жағдайдың басым бөлігінде забір көрген әйелдердің өздері аяққа тұрып кетуі үшін орталық қолдау көрсетеді.

Мұнда келетіндердің көбі жергілікті әкімдікпен меморандумға қол қойған Маңғыстау облысы полиция департаменті арқылы орналасады. Себебі күйеуінің кесірінен қиын жағдайға тап болғандар қорқыныш құшағында өмір сүреді. Оларға басты көрегі – жан тыныштығы мен балаларының қауіпсіз жерде болуы. Сол себепті де олар полицейлер уақытша тұруға ұсынатын мұндай орталықтарды өздеріне сүйеу көреді.

Біз сөз етіп отырған №2 орта-

сына туған әкесі забір көрсеткен. Орталыққа екі-үш күн бұрын түскен Жанерке есімді келіншек ішіндегі жан сырымен бөлісіп, балаларына қатысты ауыр жағдайды айтуға аузы бармайтынын жеткізді.

Жанеркенің күйеуі – әскери қызметкер. Отасқандарына тоғыз жыл болған. Үш қыз, бір ұлы бар. Алғашында әкесінің балаларына деген қамқорлығында шек жоқ екенін жеткізді. Алайда сол шектен тыс қамқорлықтың түбі адам айтса нанғысыз жағдаймен түйінделген. Үлкен қызы Әсия – сегіз жаста, одан кейінгі Гүлсімі – төртте. Тұңғышының мінезі тым тұйық. Ал Гүлсімі өте ашық, жағдайды жасырмай ашып айтатын көрінеді. Күндердің күнінде Жанерке кыздары мен күйеуінің арасындағы күдікті жағдайды сезген. Оның айтуынша, Жанерке жанында жоқ кезде күйеуі екі қызының жыныс мүшелеріне қол жүгірткен. Бұл жөнінде үлкен қызы жақ ашағанымен, кіші қызы анасына жағдайдың шет жаға-

қызы мұндай істермен бірнеше рет бетпе-бет келген. Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық тек ұрып-соғумен шектелмейтінін, жалпы төрт бағытта өрбитінін айтты. Психологиялық қысым көрсету, экономикалық тұрғыдан тәуелді ету де – зорлық-зомбылықтың бір түрі. Әйелдің жұмысқа тұруына қарсы болып, туған-туысқандарымен араласуына шектеу қоятындар да кездеседі екен. Жаңа заңға сәйкес ұрып-соғу жағдайы орын алса, әйел арыз жазбаса да, іс қозғалады. 15 жылдан аса тәжірибесі бар аға инспектор мүлікке талас жағдайында да әйелдер келеңсіз жағдайға кезігетінін тілге тиек етті.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын бес баласы бар Мұнайлы ауданының тұрғынын «Рай» дағдарыс орталығына орналастырдық. Ажырасу кезінде күйеуі әйеліне бір ғана үй беріп, балалар мен қалған мүліктің бәрін өзіне қалдыруды көздеген. Әйеліне өзге мүліктен бас тарту



сын айтқан. Алғашында өз құлағына өзі сенбей, шарқ ұрған ана жағдайды бақылауға алған. Тіпті осы мәселе төңірегінде күйеуімен ашық сөйлескен. Алайда жолдасы мұны жоққа шығарып, «жала жаптың» деп өзін кінәлаған. Бұл жағдай кейін де қайталанған. Қыздарымен ашық сөйлескен кезде істің мән-жайына қанық болған. Әбден көзі жеткен соң полиция басқармасына барып, оқиғаны толық баяндаған. Себебі жолдасының балаларына жасаған қиянаты ақтап алуға келмейтіндіктен, шарасыз күйге түскен. Әлі күнге шырғалда жүргенін жасырмады. Полиция қызметкерлері Жанеркені осы орталыққа орналастырып, тергеу жұмыстарын бастап кеткен. Абырой болғанда, сараптама қорытындысы бойынша екі қыздың да жыныс мүшелеріне зақым келмеген.

Ақтау қаласы полиция басқармасы Жергілікті полиция қызметі

жөнінде құжатқа қол қойдыра алмайды. Осы себепті араларында кикілжің болып, арты қол көтеруге ұласқан. Әйел орталыққа орналасқан соң, күйеуі алдап-сулап, үйіне алып кетті. Алайда арада көп уақыт өтпей, оқиға қайталанды. Тұрмыстары әжептеуір жоғары. Кейіннен осы №2 орталыққа келгеннен кейін заңгердің араласуымен іс ретімен шешілді. Осы ретте әйелдің барлық құқықтық мүмкіндіктері толық қарастырылып, мүлік екіге теңдей бөлінді, – деді аға инспектор.

Отбасының қорғаны болуы керек ерлердің әйелі мен баласына қорлық көрсетуі – азамат деген атына сын. Жаңа заң күші жақындарын таяққа жыққандардың мысын баса ма, әлде сол бұрынғы әдетіне қайта баса ма, оны уақыт таразылайды. Алайда бір белгілісі – тирандардың тайрандай алмайтыны, баяғыдай жазасыз қалмайтыны.

**Авиациялық база – әскери құрылымның әлеуетін арттыруға едәуір мүмкіндік береді. Әсіресе, елде тосыннан болған төтенше жағдайлар кезінде ұшқыштардың шұғыл әрекет етуі өте маңызды.**

**Жуырда ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Астана қаласында Ұлттық ұлан авиациялық базасының ашылу салтанаты өтті. Жаңадан ашылған авиация базасында Қазақстан полициясы және Бұқаралық ақпарат құралдары күніне орай өткен аптада ІІМ мен Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының ұйымдастыруымен БАҚ өкілдеріне баспасөз-туры өтті. Сондай-ақ шара барысында танымал ауыр атлет Бауыржан Камалиев ауыр ұшақты орнынан қозғалту бойынша өзінің бесінші әлемдік рекордын орнатты.**



## ӘСКЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІ – ДАЙЫНДЫҒЫНАН

Жаңа авиабаза Астананың әуе айлағында орналасқан. Бұл жеке құрам мен техниканы қажет жеріне уақтылы жеткізуге мүмкіндік береді. Заманауи үлгіде салынған әскери нысанның аумағы да үлкен. Әсіресе, жаңадан әкелінген әскери техникалар журналистердің қызығушылығын оятты. Оның ішінде жауынгерлік тапсырмаларды орындауға әуеге бірнеше мәрте көтерілген екі тікұшақ пен үш ұшақ ерекше көзге түсті. Авиабазаның әскери қызметкерлері қонақтарға алдымен «Y8F200W» деп аталатын әскери ұшақты таныстырды. Ол өткен ғасырдың 1970-ші жылдары шығарылған

Авиабаза алаңында қонақтарға «Y8F200W» маркалы үш ұшақ таныстырылды. Олар Ұлттық ұлан авиабазасына әр жылдары әкелінген. Алғашқысы 2018 жылы, екіншісі өткен 2023 жылдың желтоқсан айында сәтті жеткізілді. Ал бір ай бұрын ғана қатарға қосылған жаңа үшінші ұшақ өзінің кезекті әуе сапарын күтуде. Ұшақтардың қасбетіне «01», «02», «03» сандары жазылған. Бұл олардың борт нөмірі болып саналады. Алдағы уақытта Ұлттық ұлан әуе айлағына «Y-8»-дің тағы үш ұшағын сатып алу жоспарлануда.

– Үшінші әскери ұшақ өткен айда ғана әкелінді. Оны сатып алмас бұрын

– бұл салада қызмет атқарғаныма төрт жыл болды. Біздің жұмысымыз ұшақты сапарға алдын ала дайындаумен байланысты. Мәселен, ұшақ әуеге көтерілетін уақыттан екі сағат бұрын ерте келіп, барлық байланыс құрал-жабдықтарын тексереміз. Әскери ұшақтың сапарға дайын болуын жіті қадағалаймыз, – дейді ол.

Әлібек – Алматы қаласында орналасқан Азаматтық авиация академиясының түлегі. Қызметін әуе жолымен байланыстырған оның ұшаққа деген қызығушылығын оятқан адам – ағасы. Себебі ол да – ұшақтардың радиоэлектрондық жабдықтарын жөндеуде көп жылдық тәжірибесі қалыптасқан білікті маман. Бүгінгі күні Әлібектің ағасы «Қазавиақұтқару» АҚ-да қызмет етеді.

– Мен әскери салаға 2018 жылы келдім. Жастайымнан ағамның жұмысына қатты қызығатынымын. Ол батыс тікұшақтарымен де жұмыс істеп көрді. Ұшақтың техникалық қауіпсіздігімен қоса, біз ұшқыш пен

да жұрт назарына «Ми-171Е» тікұшақтары да ұсынылды. Көп мақсатты тікұшақ ауа райының кез келген жағдайына дес береді. Әскери техника тек қана әскери қызметшілерді, қару-жарақ пен басқа да әскери техниканы тасымалдаумен шектелмейді. Сонымен қатар әуе кемесінің ішіндегі заманауи жабдықтар барлау, патрульдеу, іздестіру-құтқару жұмыстары, эвакуациялау және жауынгерлердің десанттау бойынша міндеттерін орындауға мүмкіндік береді.

– «Ми-171Е» маркалы тікұшақтары бізге 2022 жылдың мамыр айында әкелінді. Содан бері тікұшақтар республика аумағы бойынша барлау және эвакуациялау жұмыстарына белсенді қатыстырылды. Одан бөлек тікұшақта жолаушыларды тасымалдау мақсатында арнайы жасалған салон кабиналары бар, – деп түсіндірді борт технигі, капитан Арманбек Баймаханұлы.

БАҚ өкілдеріне экскурсия аясында авиабазаның инфрақұрылымы, мәдени-демалыс орталығы, спорт

ІІМ Әскери-тергеу департаментінің қызметкері, полиция подполковнигі Бауыржан Камалиев жалпы салмағы 32 тонна 500 келі болатын әскери ұшақты сүйреп, тағы бір рекорд орнатты. Күннің ыстығына қарамастан, полиция қызметкері бөлі қайыспай, ұшақты орнынан қозғай алды. Бес рет әлемдік Гиннес рекордын жаңартқан ол өзінің жеңісін алдағы Қазақстан полициясы мерекесіне арнағанын жеткізді.

– Мұндай рекорд соңғы рет 2023 жылы Ресейде тіркелді. Ол кезде 32 тонна 100 келіні жылжытты. Жаңа рекорд үшін ұшақты 10 метрге дейін жеткізу қажет болды. Бұл Бауыржанның қолынан келді, – деді КИННЭС Қазақстан рекордтар кітабының ресми өкілі Қуандық Құдайбергенов.

Бұған дейін бірнеше ауыр салмақты еңсерген Бауыржан бос уақытында дене дайындығын жасайтынын айтты.

– Негізінен, жүрек бұлшық етіне ауыр күш түседі. Дегенмен өзімді үнемі дайындықта ұстаймын. Са-



әйгілі кеңестік әскери – тасымал ұшағы «Ан-12» үлгісінде Қытай елінде жасалған. Көктемде орын алған су тасқыны кезінде ел азаматтарын құтқару жұмыстары дәл осы әскери ұшақтың көмегімен жүзеге асқан еді.

– Бұл әскери ұшақ – Ұлттық ұлан авиациялық базасындағы үлкен әрі көлемі жағынан ең ауыр техника. Ол бір уақытта 20 тоннаға дейін жүк тасымалдауға қауқарлы. Одан бөлек «Y8F200W» әскери қызметкерлерді, қару-жарақ пен әскери көліктерді де тасымалдайды. Сондай-ақ қолайсыз ауа райы жағдайында күні-түні ұша алады. Әскери ұшақты алты адам басқарады. Әуеде 10 050 м биіктікке дейін көтеріледі. Ал әуе кемесінің жоғары ұшу жылдамдығы 550 км-сағатты құрайды. Ұшақ жүксіз, бос күйінде 36 тонна тартады. Елге әкелінген сәттен бері бұл ұшақтардың көмегімен төтенше жағдай жарияланған республика өңірлеріне, одан бөлек бірнеше шетел мемлекеттеріне гуманитарлық көмек көрсетілді. Олардың қатарында Сирия, Түркия және Ауғанстан елдері бар. Мәселен, өткен жылы Түркия жерінде болған зілзала кезінде Қазақстаннан жіберілген 50 тоннадан астам гуманитарлық көмек осы ұшақтар арқылы жеткізілді, – дейді 3656 Әскери бөлімнің авиациялық жасақ кеме командирінің көмекшісі, лейтенант Бексұлтан Әбдіалиев.

біздің қызметкерлер арнайы Қытай еліне барып, тексерістен өткізді. Сондай-ақ әскери ұшақ пен тікұшақтарға уақтылы жөндеу жұмыстары жасалады. Олардың ұшу мүмкіндігін бағалау мақсатында біз жиі әуеге көтерілеміз. Мәселен, мен кеше дәл осы жаңа ұшақпен әуеге көтеріліп қайттым. Әзірге ұшақ маңызды тапсырмаларға сақдай сай деп нақты айта аламын, – дейді лейтенант.

Бексұлтан Ресей Федерациясындағы Краснодар жоғары әскери-авиациялық ұшқыштар училищесін тәмамдаған. Әскери саланы бала кезінен қалаған ол 2013 жылы Астанадағы «Жас ұлан» мектебіне оқуға түседі. Бес жыл авиациялық оқу орнында білім алған Бексұлтан бытырдан бері лейтенант шенінде Ұлттық ұлан сапында абыройлы қызмет етуде.

Маңызды жауынгерлік тапсырмаларды орындауға қатысатын бұл ұшақтардың техникалық сапасы да аса маңызды. Әр сапар сайын ұшақтың қауіпсіздігі мен толық дайындығын қамтамасыз етіп жүргендердің бірі – Әлібек Мұхтарханұлы. Ол Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы 3656 Әскери бөлімінің Радиоэлектрондық жабдықтарға байланысты жабдықтарды жөндеу және регламенттеу тобының аға технигі болып қызмет етеді.



жолаушылардың да өміріне жауаптымыз. Авиациялық базаға әкелінген жаңа әскери техникаларға байланысты біз жыл сайын Қытай Халық Республикасында өз біліктілігімізді арттырып келеміз, – дейді аға техник Әлібек Мұхтарханұлы.

Әлібектен бөлек ұшақтың қозғалтқыштарына, әуе көлігінің авиациялық және авиациялық-десанттық құрал-жабдықтарына жауап беретін қызметкерлер бар. Олардың барлығы әскери ұшақ пен тікұшақтардың техникалық қауіпсіздігіне жауап береді.

Ұлттық ұланның авиабазасын-

кешені және 3656 Әскери бөлімінің штабы мен базаның ұшу және инженерлік-техникалық құрамына арналған асхана таныстырылды. Асханамен танысу барысында қонақтар ас мәзірінен дәм татты. Сондай-ақ шара барысында журналистер А-74 автоматы мен Макаров тапаншасын шашып-жинаудан, норматив тапсырудан байқауға қатысып, өзара мықтыны анықтады. Жеңімпаздар ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы Еркін Ботақановтың атынан грамотамен марапатталды.

Іс-шарада соңында ауыр атлет,

лауатты өмір салтын ұстанамын. Алдағы уақытта 50 тонна болатын ұшақты қозғалтуды мақсат етудемін, – деді Бауыржан Камалиев.

Талай адамның тағдырына жәрдемдескен темір құрсаулы әскери техникалардың мүмкіндіктері мен авиациялық базаның тыныс-тіршілігіне қаныққан түрлі БАҚ өкілдері мереке қарсаңында шара ұйымдастырушыларына алғыстарын білдірді.

**Сүйкім ТИЛЕПБЕРГЕН,  
Суреттерді түсірген  
В.ГОРОЛЕВИЧ**

# АҚПАРАТ АЛАҒЫНЫҢ АЛДАСПАНДАРЫ

**Ішкі істер органдарында атқарылған жұмысты көпшілікке көрсетіп, әлеуметтік желілердегі тұтқиылдан жасалған «шабуылдарға» шыдас беретін баспасөз хатшыларын алмастан соғылатын алдаспанға теңеуге болады. Себебі олар кез келген уақытта қайралған қылыштай өз қызметіне әзір тұрады. Осы ретте 28 маусым – Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні қарсаңында ҚР Ішкі істер органдары Медиа орталығымен байланысы бекем, өзіне тән түрлі қырымен ерекшеленетін таңдаулы ақпарат сардарларына тоқталуды жөн көрдік.**

Гауһарай АМАНФАЛИҚЫЗЫ

## БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ «ГЕНЕРАЛЫ»



Қызылорда облысы полиция департаментінің Ақпараттық саясат бөлімінің басшысы, запастағы полиция подполковнигі Гүлжан Қайырбергенованың ішкі істер органдарында жұмыс істегеніне 30 жылға жуықтаған. Соның 12 жылында Сыр бойы сақшыларының сертке беріктігін, қылмыспен күресте табандылығы мен ержүректігін насихаттап, әлі де сол тұғырынан таймай келеді.

Қиын да қатерге толы полиция қызметкерлерінің қауырт жұмысын халыққа көрсету – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Қазіргі уақытта полицейлердің қызметіне сын жиі айтылып жүр. Осы орайда полиция қызметінің қиындығымен қатар, құтқару жұмыстарына білек сыбана кірісетін сақшылардың ерлікке толы еңбегін сала майталманы көпшілікке жария етіп келеді. Гүлжан Бердібекқызына қай кезде қоңырау шалсаң да, бүгінгі істі ертеңге қалдырмайды. Тақырыпқа орай кейіпкері де, ұсынысы да дайын тұрады. Сол себепті жасы да, жұмыс істеу тәжірибесі де жоғары қызылордалық әріптесімізді «Баспасөз қызметінің «генералына» теңеуді жөн көрдік.

– Масс-медиа өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыла жұмыс істеп, қордаланған келелі мәселелерді бірге шешеміз. Полицейдің беделін арттыру – басты бағытымыз. Билік пен халық ортасында алтын көпірге айналған журналистерді келе жатқан кәсіби мерекелерімен құттықтаймын! – дейді Гүлжан Қайырбергенова.

## ЕҢ КӨП ҚОҢЫРАУ ҚАБЫЛДАЙТЫН БАСПАСӨЗ ХАТШЫСЫ

Астана қаласы полиция департаменті Ақпараттық саясат бөлімінің басшысы Эльмира Шауленова журналистер тарапынан күніне жүзге жуық қоңырау түсетінін айтты. Тіпті «ең аз хабарласты» деген күннің өзінде 30-ға жуық ақпарат алмасуларға жауап береді. Еліміздің бас қаласында республикамыздың жетекші арналары мен ірі баспасөз құралдары жетерлік. Сондықтан елордалық полицейлер жұмысын үздіксіз насихаттайтын Эльмира Әбүтәліқызы – ең көп қоңырау қабылдайтын баспасөз хатшысы.

– Былтыр Kaspi банктегі қызды кепілге алу жағдайы орын алғанда, үздіксіз байланыстар салдарынан телефоным қатып қалды. Бір сәтте бірнеше қоңырау қатар түскен. Ұялы телефоным қосылғаннан кейін ашып қарасам, бір сәтте 250 қоңырау түскен екен, – дейді ол.

Ішкі істер органдарындағы қызметін 2003 жылы бастаған тәжірибелі басшы бүгінде полиция подполковнигі шенінде. Елордалық тәртіп сақшыларымен қатар, қоғамдық-саяси жағдайларға тез бейімделеді. Карантин кезеңінде полицейлермен бірге күшейтілген режимде жұмыс істеп, кәсіби біліктілігі мен шапшаңдығын танытқан. Қаңтар оқиғасы кезінде де жалған ақпараттардың таралуына жол бермеген.

Осы уақытқа дейін ҚР Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі және қызметтегі қол жеткізген жетістіктері үшін Полиция департаменті және Астана әкімі басшылығы тарапынан бірнеше рет, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік органдар тарапынан 60-қа жуық рет марапатталған.



## ТАСҚЫНДА ДА ТОҚТАУСЫЗ АҚПАРАТ

Көктемдегі су тасқыны кезінде халыққа көмектескен полиция қызметкерлерінің жанкешті әрекеттері баспасөз беттерінде жиі жарияланды. Қиын қыстау кезде елмен бірге болған ерлердің қызмет барысындағы ерліктері осындай тұрақты жарияланымдардың нәтижесінде ескерусіз қалмады. Бұл бағытта ақпараттық жұмыстардың жандануына үлес қосқан ақтөбелік әріптесіміз Ерболат Сарқұловтың еңбегі ерекше атап өтуге тұрарлық.

2017 жылы ішкі істер органдарынан зейнет демалысына шыққаннан кейін Ерболат Сарқұлов Ақтөбе облысы полиция департаменті баспасөз қызметіне жетекшілікке келді. Бүгінде бұл бөлім жаңа атауға ауысып, Ақпараттық саясат бөлімі деп аталады.

1995 жылы Отан алдындағы борышын өтеп келген соң, 1996 жылы темірдей тәртіпті қажет ететін салада жұмысқа кіріскен. Ақтөбедегі Патрульдік полиция және жол қауіпсіздігіне жауапты инспекторлардың қатарында болған. 2005 жылы Баспасөз қызметінде жұмыс істеп, үш-төрт жылдан соң басқа қызметке ауысқан. Одан кейін Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ құрамында болып, күнделікті жаттығулардан қалыс қалмаған. Жеті жылдан бері журналистермен тығыз байланыста.

Баспасөз қызметінің жұмысын ұйымдастырудағы бөлім қызметкерлері Шынар Темірәлиева мен Бекзат Жалғасбаеваның да еңбегі зор.



## ЕҢ ШЫҒАРМАШЫЛ ҰЖЫМ

Атырау облысы полиция департаменті Ақпараттық саясат бөлімінің басшысы Мейірім Ердәулетқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің түлегі.

Алғаш еңбек жолын «Қазақстан» РТРК АҚ Маңғыстау облысы бойынша филиалында ақпараттық бағдарламалар бөлімінің редакторы қызметінен бастаған. Кейін Атырау облыстық телеарнасында редактор-диктор болды. Мемлекеттік қызметке 2019 жылы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің бас маманы ретінде келген. Алайда қай қызметке барса да, қолынан қаламы түспеген Мейірімнің ұжымын «Ең шығармашыл ұжым» номинациясына лайық көрдік.

Өткен жылы Мейірім Ердәулеттің «Polisia.kz» журналында жарық көрген «Белбеу» атты әңгімесі басылым оқырмандарын бей-жай қалдырмады. Сондай-ақ ол – «Бал балалық бал тұнған», «Тамырын жайған байтерек» кітаптарының авторы. Балалар әдебиетінің дамуына үлес қосып, ертегі жазды. Былтыр бұл шығармашылық еңбегі еленіп, кітап бетіне шықты.

Атырау облысы полиция департаментінің фотограф-маманы Ғасыр Мұхадисовтің сәтті кадрлары мен шеберлігі көптің көзін сүйсінтеді. Ол – фототөнердің қыр-сырын жастайынан меңгерген фотографтар династиясының ұлы. Портреттік фотолар мен полицияның қызмет барысын объектив арқылы жеткізе білген Ғасырдың былтыр жеке фотокөрмесі өтті. Оның атыраулық инспектордың жұмысын таспалаған суреті өткен аптада Қазақстан полициясы күніне орай ұйымдастырылған фотокөрмеде қойылды.

Талпынысы жоғары, ұстанымы мықты Дина Мақсотова – осы бөлімде инспектор, полиция лейтенанты. Өңір полицейлерінің жұмыс барысын арқау еткен оның материалдары басылым беттерінде жиі жарияланады.



## ЕҢ БЕЛСЕНДІ ҰЖЫМ



Солтүстік Қазақстан облысы полиция департаменті Баспасөз қызметінің жетекшісі Мәдина Ергалиева бастаған ұжым қашан да белсенді. Ерекше атап өтуге тұрарлық тұрақты автор Игорь Мерцаловтың материалдарын «Saqshy» газетінің беттерінен апта сайын көруге болады.

Ақпараттық саясат бөлімін негізінен, тәжірибелі қызметкерлер құрайды. Полиция департаментінің әлеуметтік желілердегі аккаунтын SMM-маман Юрий Фанков жүргізеді. Ал онда орналастырылатын бейнеконтенттің сапасына видеоинженер Ерлан Махметов жауапты. Ал қай іске де белсене кірісетін Нұрбек Баекин – әмбебап маман. Мемлекеттік тілді жетік біледі. Аналитик әрі фотограф. Өз ісіне асқан ыждаһаттылықпен қарайды. Оған дәлел, былтыр қыста аязды күні жолда қалған көлік жүргізушілеріне көмектескен үчаскелік полиция инспекторы қамқорлығын басылым бетіне жариялады. Сапалы сурет қашан да материалдың мазмұнын арттыра түсетіні сөзсіз. Осы ретте Нұрбек сапасы сын көтермейді деп бағалаған суретімізді көрші ауылға барып, бір-екі сағаттың ішінде қайта түсірді. Жеделдігі мен жоғары жауапкершілігінің арқасында басылымның алғашқы беті сапалы суретпен қамтамасыз етіліп, ал солтүстікқазақстандық полицейлердің жұмысы жарқырап көрінді. Ал бұл бөлімнің ауыр жүгін арқалаған, апта сайын толассыз ақпарат жіберетін Игорь Мерцаловтың негізгі жұмысы – БАҚ-қа материалдар жолдау.

Бүгінгі таңда бөлім алдында полицейлердің оң имиджін нығайту, әлеуметтік желілердегі сыни жарияланымдарға назар аудару міндеті тұр.

## ПОЛКОВНИК РЕДАКТОР

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Қалқан» газеті мен «Бүркіт» журналының бас редакторы, полковник Ерболат Сұлтанов – еліміздегі әскери журналистикадағы саналы мамандардың қатарында. Осы саладағы сара жолын жиырма үш жыл бұрын бастаған.

Ұлттық ұланның 5517 Әскери бөлімінің атқыштар ротасында бақылаушы болып, келісімшарт негізінде алғашқы әскери қызметін бастайды. Араға бір жыл салып, әскери бөлім басшылығы кейіпкерімізге үлкен сенім артқан. Жастармен жұмыс жөніндегі офицер лауазымына тағайындайды. Тәрбие бөлімінде жүріп, аймақтық баспасөз құралдарымен тығыз байланыс орнатқан. «Батыс» өңірлік қолбасшылығының әскери өмірі мен жауынгерлік қызметі туралы түрлі жанрда мақалалар жариялайды. Оның бұл қабілетін «Қалқан» газетінің бас редакторы полковник Юрий Фрайденберг пен кейін газеттің басшылығына келген әскери жазушы, полковник марқұм Сәдуақас Жұбатов байқайды. Әскерилердің газетінде тәжірибеден өткізіп, кейін туған өлкесіндегі меншікті тілші лауазымына тағайындайды. Осылай 2001 жылдан бастап кейіпкеріміздің әскери тілшілік қызметі басталады.

ҚР Ішкі істер министрінің және Ұлттық ұлан бас қолбасшысының атынан Құрмет грамотасымен, грамоталармен марапатталған. 15 медальмен және төсбелгімен наградалған.

Бүгінде полковник Ерболат Сұлтанов басқаратын редакцияның жұмысы қызу. Редакция құрылымында үш бөлім және әскерлердің баспасөз қызметі бар. Видеостудиясы бар үлкен ұжымның жұмысы бас редактордың орынбасарлары – подполковник Дарын Сейітов пен капитан Мөлдір Нәлібаеваның жетекшілігімен жемісті жүргізілуде.



## 24/7 – БАЙЛАНЫСТА

Абай облысы полиция департаменті Ақпараттық саясат басқармасының басшысы Дина Серікқызы Ішкі істер органдары Медиа орталық қызметкерлерімен ұдайы байланыста. Уақытқа қарамай жұмыс істейтін баспасөз хатшысы қазіргі қызметіне жылдың басында тағайындалғанымен, жеделдігімен ерекшеленеді.

Полицейлер қатарына 2008 жылдан бастап қосылған. Еңбек жолын Семей қаласы Ішкі істер басқармасы Әуезов полиция бөлімінің Қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінде Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі үчаскелік инспекторы қызметінен бастаған. Одан кейінгі жылдары түрлі қызмет сатыларынан өтіп, Жергілікті полиция қызметі бөлімінде жауапты лауазымдарда болған.

Полиция подполковнигі ақпараттық алаңдағы жұмысына биыл кірісті. Аймақ сақшыларының жұмысын жүйелі насихаттап келеді. Абай облысы Семей қаласының қалтарыс-бұлттарысындағы, саяжайдағы тәртіпті бақылауға алған атты полицейлердің жұмысын көрсетудегі еңбегі зор. Себебі бүгінде арғымақ тізгіндеген полицейлер Абай облысының басты ерекшелігіне айналды.

Жыл басынан бері бұқаралық ақпарат құралдарында антына адалдық танытқан өңірдегі полиция қызметкерлері жөнінде 30 мақала жарияланған.



## МЕКЕМЕ ТЫНЫСЫНЫҢ ХАБАРШЫСЫ

Батыс Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті Сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру тобының бас маманы Жадыра Ибраева – мекеме тынысының хабаршысы. Ол департаментке қарасты мекемелердегі сотталғандардың кәсіби мен жұмысқа қамтылу деңгейін, түрлі шараларды ақпараттандырады.

2017 жылдан бері ішкі істер органдарында қызмет жолын бастаған Жадыра Меңдібекқызы бала кезінен журналистикаға жақын. Мектептің қабырға газеттерінде өз мақалаларын, өлеңдерін жариялап, кейіннен студенттік жылдарында «Студент» газетінің редакторы болған. Сонымен қатар жас маман спортты да серік еткен. Шаңғы, коньки, жүгіру бойынша спорттық шараларға белсене қатысып, түрлі жүлделі орындарға ие болған.

Тағы бір ерекше тоқталатыны, Жадыра Ибраева – Медиа орталық ұйымдастырған «Сақшы сұлулары» республикалық байқауының қатысушысы.



ЕРЛІК ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

## АНТЫНА АДАЛ АСҚАР

**Ғасырдан ғасырға жалғасып, дәуірлер мен заманалар алмасып, жер бетінен жылдар жылжып, күндер көшкенімен, жақсылық пен жамандықтың күресі әлі де тоқтаған емес. Адамзат көші ілгерілеген сайын әділет үшін күресіп, шындық үшін шырқыраған, адам баласының өмірі қыл үстінде тұрған сәтте ойланбастан өз өмірін қиған батырлардың есімі тарихқа алтын әріптермен жазылу да. Қоғамдық тәртіпті күзетіп, жерлестерінің тыныш ұйқысы үшін, сәбилердің алаңсыз күлкісі үшін жанын қиған милиция майоры Асқар Түсіпұлы Бисекеновті жерлестері ешқашан ұмытқан емес.**

Гүлнәзира МҰХТАРОВА,  
полиция полковнигі,  
ІІО ардагері



Асқар Бисекенов сол кездегі облыстық «Коммунистік еңбек» газетінің бас редакторы Түсіп Бисекенов пен ұстаздардың ұстазы атанған, талай жылдар бойы облыстық білім беру басқармасын басқарған Сара Мұсағалиеваның отбасында 1955 жылы дүниеге келген. Зиялы отбасында Отанға, елге деген ерекше сүйіспеншілік рухында тәрбиеленген Асқар кішкентайынан зерек бала болды. Оқуға құмар ол қазақ, орыс классиктерінен бастап, шетелдік Теодор Драйзер, Александр Дюма, Эрнест Хэмингуэй, Оноре де Бальзак, Шекспир сынды айтулы жазушылардың шығармаларын құныға оқыды. Артур Конан Дойльдің «Шерлок Холмстің бастан кешкендері» хикаясы оның болашақ мамандығын таңдауда нағыз бағытбағдар берушіге айналған.

«Алдымда – толған мақсат, толған таңдау, Алайын анасын ба, мынасын ба?» деп Сұлтанмахмұт айтқандай, жасөспірім шақта адан баласының алдында өмірдің ашылмаған ақ парағы жатады. Сол ақ парақты қалай толтырады, ол енді адамның өзінің жанының қалауына байланысты. Калинин атындағы орта мектепті ойдағыдай бітірген Асқардың да алдында ұшы-қиырына көз жетпейтін өмірдің көкжиегі керіліп жатты. Оның логикалық ойлауға мықтылығы, кез келген оқиғаның тереңіне бойлап, жан-жақты сараптама жасауға бейімдігі де ата-ананың қырағы көзінен тыс қалған жоқ. Ақырында «Бар ғылымның атасы – математика» деген Лобачевскийдің жалғыз ауыз афоризмі оны Гурьев педагогика институтының физика-математика факультетіне жетелеп алып келді. Жоғары оқу орнында жүріп, студенттік шағының өзінде курстастарының арасында белсенділігімен көзге түсті. Институтты сәтті тәмамдаған талапты жас мектепке өз мамандығы бойынша мұғалім болып орналасып, қызметіне кірісіп

те кетті. Шәкірттерге математика мен физиканың қыр-сырын үйретіп, қызыға жұмыс істей бастаған сәтте оны Кеңес Армиясы қатарына шақырып, Отан алдындағы борышын өтеуге аттанды.

Асқар осы екі жылдың ішінде әскери тәртіпке үйреніп, алдағы уақытта елдің қоғамдық тәртібін сақтап, қадағалайтын, азаматтардың өмірін қорғайтын тәртіп сақшысы болуға белін бекем байлаған еді. Сөйтіп, әскерден оралғаннан кейін сол кездегі Гурьев қалалық ІІБ-на қызметке орналасады. Ол 1980 жылдың желтоқсанына дейін Қылмыстық-іздестіру бөлімінің инспекторы қызметін атқарады. Өзіне тапсырылған тапсырмаға жауапкершілікпен қарап, не нәрсені болса да сараптап, мұқият талдау жасайтын дағдысы оның жаңа жұмысына керек қасиет еді. Жақсы жағынан көзге түскен жас маман 1980-1991 жылдары ұдайы өсумен болды. Жедел уәкіл, аға жедел уәкіл, бөлім бастығының орынбасары бола жүріп, қылмыскерлерді құрықтауда жаңа тәсіл мен ізденістерді үйренді. 1991-1993 жылдар аралығында облыстық ІІБ-да жедел уәкіл, аға жедел уәкіл болып, қызмет баспалдағымен жоғары көтеріліп келе жатты. Иә, бұл кезеңдер әділетті ту еткен Асқардың жұлдызы жарқырап туған жылдар еді. Әсіресе, қылмыс болған жерді мұқият қарап, қылмыскерді табуға ілік болатын дәлелдемелерді іздеуге ерінбей-жалықпай кірісетін. Міне, осындай ерік-жігерінің арқасында талай қылмыстық істердің беті ашылып, қылмыскерлер құрықталды. Әрине, аталған мамандық абыройлы болғанымен, қауіп-қатерге толы екені де жасырын емес. Әсіресе, адам өміріне қауіп төндірген қылмыскерлердің темір торға тоғытылуы олардың Асқарға тістерін қайрауына, кек алуды жоспарлауына себепкер болды. Қылмыскермен ешқандай мәмілеге келмейтін, өтірікке, ұрлық-қарлыққа, мемлекет мүлкін жымқыруға, табиғатқа зиян келтіруге жаны қас полиция майоры өзін алда не күтіп тұрғанын білмеді. Өмір бойына үлгі еткен атақты із кешуші Шерлок Холмс сияқты, Асқар да туғанынан өте сезімтал жан болатын. Қылмыскерлердің қолтаңбасынан-ақ олардың келесі әрекетін айтып-ақ танып, құрықтауға жантәнімен кірісетін. Тіпті сол жолда ол өзіне қатер төнуі мүмкін екенін ойына да алмайтын. Оның сол ержүректігі, әділетті ту еткен адалдығын, шыншылдығын әріптестері өздеріне үлгі етті.

Сол бір 1993 жылдың 18 сәуірі күні Асқар ертемен қызметіне асыққан. Отбасымен, жары Роза, қызы Айнуірдың бетінен сүйіп, жұмысқа кеткен ол енді қайтып осынау аяулы жандармен көріспейтінін білген жоқ. Жедел-ізвестіру шаралары барысында аса ауыр қылмыс жасағаны үшін іздеуде жүрген адамдарды құйып жетті. Соңынан көмектің келетініне сенген ол қылмыскерлердің қашып кетуіне жол бермеу үшін соңына дейін аянбады. Күш тең емес еді. Бұрын сотталған қылмыскерлер жалғыз өзі келіп тұрған полиция майорына көптен тістерін қайрап жүрген еді. Осы мүмкіндікті пайдаланып, бірнешеуі жабылып, ұрып-соғып көліктеріне салып алады. Оңаша жерге апарып өлімші етіп соққыға жығып, он жерінен пышақтап, Еркінқала ауылына баратын жолдағы бейіттердің арасына лақтырып кеткен. Бірақ қанішерлер ұзамай қолға түсті. Амал не, батырлықтың үлгісін көрсеткен, алдындағы ағалары сенім мен үміт артқан жап-жас полиция майоры ерлікпен қаза тапты.

Соңында қайғыдан жүректері өртенген, қасіреттен еңкіш тартқан ата-анасы зар еңіреп қалды. Нала мен шерге тұншығып, жары Роза Иғалиқызы жастайынан қара жамылып, жесір атанды. Кішкене қызы Айнуір қамқор әкенің мейірімнен айырылды.

Содан бері 30 жылдан астам уақыт өтіпті. Бірақ Еркінқала тас жолының бойындағы сол бір қанды оқиға жерлестерінің әлі де есінен кеткен жоқ. Негізі, адам қаны төгілген жер, ауа, аспан кеңістігінің жадында қатыгездікпен жасалған қылмыс қалып қояды деседі. Адам қолымен жасалған айуандық әрекетке табиғат та, Жер-Ана да түршігіп, қарғыс айтып тұрады екен. Мүмкін, ол сөздің де жаны бар шығар. «Халық айтса, қалт айтпайды» деген ғой. Асқар Түсіпұлы Бисекеновке облыс орталығы Атырау қаласынан көше атауы берілді. Есімі Атырау облысы ішкі істер органдарында қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан қызметкерлердің құрметіне орнатылған мемориалдық ескерткішке жазылған.

Асқар Түсіпұлының ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Ол әділеттің ақ туын желбіретіп, антына адал болды. Соңынан ерген жас бұынға әрдайым оның батырлығы туралы айтылып келеді және ол осылай жалғаса бермек. Батырлардың рухы өшпесін!



## Дүбірлі додада дара шыққан

**СҚО ПД қызметкері Нұрсұлтан Жақыпов 13-16 маусым аралығында Венгрия астанасы Будапештте өткен кикбоксингтен Әлем кубогында үшінші орынды иеленді.**

Игорь МЕРЦАЛОВ,  
СҚО ПД

Жарысқа 50 елден 750-ге жуық спортшы қатысты. Қазақстан құрамасының қоржынына медальдардың бірін осы спорт түрінен түрлі жарыстардың бірнеше дүркін жүлдегері, полиция аға лейтенанты Нұрсұлтан Жақыпов әкелді.

Ол 86 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетті, Словения мен Түркиядан келген спортшыларды жеңіп, жүлдегер атанды.

19 маусымда таңертең шенді

кикбоксшы туған қаласына оралды. Оны СҚО ПД бастығы полиция генерал-майоры Айдын Қабдұлдинов қабылдап, жаңа жетістігімен құттықтады. Облыстық полиция ведомствосының басшысы спорттық жеңістер полицияның имиджін нығайтуға ықпал етіп қана қоймай, қызметкерлерді салауатты өмір салтына ынталандыратынын айтты.

## ЖҰМЫСЫ ЖЕМІСТІ, ҚЫЗМЕТІ КЕЛІСТІ

**«Тәртіпсіз ел болмас, тәртіпке бас иген құл болмас» деп Бауыржандай батыр бабамыз айтып кеткендей, әр заманның, әр елдің өз қағидаты, заңдары болады. Қоғамның тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін сол заңға бағынып, ережені орындау керек. Талап пен тәртіпті тең ұстап, заңды бұзуға жол бермейтін бірден-бір жандар – ішкі істер органдарының қызметкерлері. Солардың бірі – полиция капитаны Гүлмира Мамаева.**

Снежанна ИСЫПОВА,  
БҚО ПД



Полицияның төл құрдаасы Гүлмира Серікқызы 2016 жылы құқық қорғау қызметіне келген. Ол 1992 жылы 16 қарашада Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданының Қосарал ауылында дүниеге келген.

Бастапқыда Бөрлі аудандық полиция бөлімінің Көші-қон тобының инспекторы қызметінде тәжірибе жинаған. Қазір сол бөлімнің Жедел

криминалдық полиция бөлімшесінің жедел уәкілі лауазымында.

– Полиция қызметкері болу – асқан қырағылық пен жауапкершілікті талап етеді. Бұл мамандықты таңдағаным еш өкінбеймін. Ел тыныштығын қорғауға қандай да үлес қоссам, бұл – мен үшін өте үлкен жетістік, – дейді полицияның төл құрдаасы.

Гүлмира Серікқызы сегіз жылдық қызмет ішінде өзін өте жауапты қызметкер ретінде көрсете білді. Оған дәлел – басшылықтан алған марапаттары мен халықтан алған алғысы.

Ендеше, тәртіп пен тұрақтылықты ең бірінші орынға қоятын білікті сақшының аңсаған арманына, көздеген мақсатына жетіп, құқық қорғау саласының үздігі болуына тілектеспіз!

## ОН САУСАҒЫНАН ӨНЕР ТАМҒАН

**Қазақстан полициясы күні қарсаңында Есіл ауданы полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция майоры Ирина Аблаеваның ерекше хоббиі туралы айтуды жөн көрдік.**


Альмира РАХМАТУЛИНА,  
Ақмола облысы

Ол 1984 жылы 30 мамырда Жарқайың ауданы Үшқарасу ауылында дүниеге келген. Бала кезінен қолөнермен айналысқан. Бұл әуестік оған әжесінен дарыған. Жүйрікті шабысынан танысақ, шын шеберді жасаған жұмысынан байқауға болады. Ал оның жасаған бұйымдары бір-бірімен жарасым тауып, көздің жауын алады. Ирина Усеиновна қиялына ерік беріп, бір-біріне ұқсамайтын әсем, көздің жауын алатын бұйымдарды жасайды. Оның қолынан шыққан түрлі сәнді бұйымдар мен туындыларын көргенде ерекше сүйсінесің. Ол тіпті қызына киімдерді де өзі тігіп, игілігіне жаратар тұрмысқа қажетті дүниелерді де жасайды. Бисерден түрлі бұйым тоқып, жақындарын қуантып қояды. Қызы дүниеге келгенде ерекше хоббиінің көкжиегін кеңейтіп, қыздарға қажет түрлі шаш қыстырғыштар жасап, әртүрлі образдағы костюмдер тіге бастайды. Қазір кішкентай қызғалдағы музыка мектебінде аккордеон және вокал сыныбында оқиды. Жұлделі орындарға ие болып жүрген қызына көздің жауын алардай түрлі костюм тігіп береді.

Ирина Аблаева ішкі істер органдарында 20 жылдан астам уақыт қызмет етеді. Басты жұмысы кадр саясатымен байланысты. Қызметінде талапшыл басшының ішкі жан-дүниесі өте нәзік.

– Қолөнермен айналысуға әжем түрткі болды. Бала кезімде сағаттап отырып кесте тоқып, бисерден түрлі бұйым жасауға әуес болдым. Үйдегі техникаларды кестеленген ормалдармен жауып қоятынмын. Қолөнермен айналысу жаныма рахат сыйлайды. Тыныштықта отырып, ойша жан-жаққа қыдырып, кейін қолыңнан шыққан дүниеге тамсана қарау – мен үшін үлкен бақыт, – дейді Ирина.

Иринаның әріптестері мен достары оның жұмысына өте жоғары баға береді. Қызығынан қиындығы басым қызметте жүріп, керемет дүниелер жасауға қалай уақыт табатынына кейде жұмыстастары таң қалып жатады. Он саусағынан өнер тамған қолөнер шеберінің ісі жастарға үлгі-өнеге болары сөзсіз.



# МАМАНДЫҒЫН МИРАС ЕТКЕН

**ҚР ИІМ Көліктегі полиция департаменті Астана қаласы теміржол вокзалында «Полицейлер династиясы» тақырыбында фотокөрме ұйымдастырды. Онда ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан мамандық иелерінің 70-ке жуық фотосуреті қойылды.**

**Ай-Хан ТӘҢІРІ,**  
суреттерді түсірген  
Медет ӘШІРБЕК



Бүгінде аталмыш департаментте 30-дан аса полицей династиясының өкілдері қызмет етеді. Полицейлер әулеті Отанға қызмет етуді өз отбасында мирас етіп, дәстүрге айналдырған. Қазіргі уақытта Көліктегі полиция департаменті мен оның Желілік бөліністеріндегі сақшылар әулетінің ең кем дегенде екі мүшесі полицейлер қатарында.

Бұл іс-шара 23 маусым – Қазақстан полициясы күніне арналды. Фотокөрменің негізгі мақсаты – жұртшылыққа полицейлер әулетінің тағылымды тарихын таныстырып, еңбегін дәріптеу. Мұндай шаңрақтардың тарихын елге жеткізу арқылы отбасы құндылығының маңызын арттырамыз. Үлгі етуге тұрарлық отбасылардың суретін жолаушылар назарына ұсынып, жастардың осы мамандыққа деген қызығушылығын ояту да – шара шеңберіндегі жұмыстар, – деді ҚР ИІМ Көліктегі полиция департаментінің ресми өкілі Ләззат Қасымжанова.

Департамент тарихында төрт ұрпақ буының да таңдауы бір мамандыққа түскен отбасылар кездеседі. Солардың бірі – Магомедовтар әулеті. Олардың төртеуінің де ішкі

істер органдарындағы жалғыз еңбек өтілі 100 жылдан асады. Арғы аталары Коду Магомедов 1923 жылы Шешенстанның ішкі істер органдарында қызмет етуді бастаған. Өкінішке орай, ол қарақшылармен айқаста қаза тапты. Ұлы Харон ол кезде небәрі бір жаста ғана болған. Әкесі қайтыс болып, отбасы Қазақстанға күштеп жер аударылғаннан кейін Харон мен оның жақындарының өмірі түбегейлі өзгерді. Балалары, немерелері мен шөберелері ержүрек бабасының жолын жалғады. Төртінші буын – Салах Харонұлының ұлы Хасан Магомедов 15 жылдан астам уақыт осы салада қызмет етеді. Қазіргі таңда Петропавл станциясындағы Желілік полиция бөлімінің жедел уәкілі.

Қызмет бабында қаза тапқан қызылордалық Мұратбек Өмірбековтің ұлы да әке ізін жалғаған. 1992 жылы Қызылорда станциясындағы Желілік ішкі істер бөлімінің анықтаушысы Мұратбек Өмірбеков қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапты. Арнайы операция барысында ол аса қауіпті екі қылмыскердің жолын бөгегенімен, қатты жарақат салдарынан көз жұмды. Полиция аға лейтенанты қайтыс болғаннан кейін



II дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды. Артында екі ұлы қалды. Бүгінде олардың үлкені Ринат Өмірбеков – Қызылорда облысы Шиелі станциясындағы Желілік полиция бөлімінде қатардағы қызметкер.

Династиялардың ішінде ішкі істер саласында қызмет атқара жүріп, танысып, табысқан жарасымды жұптардың бірі – Үсен Тастанов пен Гүлсара Бексұлтанованың шаңырағы. Бүгінде олардың екеуі де – басшылық қызметте. Полиция полковнигі Үсен Тастанов – Көліктегі ПД Тергеу басқармасының бастығы болса, Гүлсара Бексұлтанова Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің тізгінін қолына алған.

Гүлсараның өзі де әке жолын жалғап жүр. Әкесі Ыбырайхан Бексұлтанұлы ішкі істер органдарында 30 жылдан аса уақыт еңбек еткен. Ақтөбе станциясындағы ішкі істер полиция бөлімінің бастығы болып жүргенде зейнеткерлікке шықты. Ю-ның құрметті зейнеткері. Гүлсараның немере ағасы Айбек Бекжанов та ішкі істер органдарында 24 жылдан бері қызмет етіп келеді.

Міне, фотокөрмеге суреттері қойылған әрбір полицей отбасының өмір жолы өнегеге толы екенін осыдан-ақ аңғаруға болады.

## АСТАНА АСПАНЫН ӘНГЕ БӨЛЕДІ

**Жұма кеші елорда жұртшылығына ерекше атмосфера сыйлады. Халық көп серуендейтін Есіл жағалауы сол кеште әсем әнге бөленді. Қала тұрғындары мен қонақтары телефондарын шығарып, видео түсірсе, енді бірі жұбын биге шақырып жатты.**

**Мәлдір НӘЛІБАЕВА,**  
капитан

Иә, Ұлттық ұлан жедел құрамасы мен Сарыарқа ауданы әкімдігі ұсынған ерекше форматтағы концерт астаналықтарға осылай әсер етті. Кенесары хан ескерткішінің алаңына жиналған жұрт Ұлттық ұлан Ән-би ансамблінің өнерпаздарына ерекше қолдау көрсетіп, ыстық ықылас танытты. Құрметті қарауыл ротасының сымдай тартылған, сымбатты сарбаздары шыққанда көрермен қауым оларға тамсана қарады. Дефиле орындап, сахна сыртына

биелеу мақсатында, сондай-ақ, Қазақстанның Халық қаһармандары Рахымжан Қошқарбаев пен Сағадат Нұрмағамбетовтің туғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылған болатын.

Мәдени-патриоттық шарада Үлгілі-көрсетімді оркестрінің музыканттары танымал туындыларды орындап, көпшіліктің қошеметіне бөленді.



шыққанда да сарбаздардың киімдерін тамашалап, олармен бірге фотоға түсті.

Бұл шара ішкі істер министрінің орынбасары, Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тапсырмаларын орындау шеңберінде құқықтық тәртіп әскерлерінің қызметін насихаттау, жастарды жаңа қазақстандық патриотизм рухында тәр-

қалқымалы театр форматындағы кеште Ұлттық ұлан әскери бөлімдерінің тыныс-тіршілігі туралы фотокөрме және әскери киім үлгілері ұсынылды. Сонымен қатар әскери қызметке орналасуды насихаттау бойынша консультативтік-анықтамалық пункттер де жұмыс істеді.

– «Ұлы дала ұландары» атты концертімізде жастардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік оятатын, рухын көтеретін шығармалар орындалды. Сахна деген киелі ғой, сондықтан бұл шараға үлкен дайындықпен келсек те, аздап қобалжыған едік. Халық бірден жылы қабылдап, көтеріңкі көңіл-күймен демеп жіберді, – дейді Үлгілі-көрсетімді оркестр дирижері, аға лейтенант Олжас Сұрағанов.

Мерекелік шара басталмай жатып-ақ, серуендеп жүрген кәрі-жас қызығушылық танытып, әскери қызметшілерден концерт жайлы сұрап жатты. Фотокөрме де қала тұрғындарының көзінен таса қалған жоқ. Суреттерге қарап, әскерилердің қызметіне қызығушылық білдірушілер көп болды.

– Бүгін жағалауда көрме болатынын естіп, отбасымызбен келдік. Балаларым әскерилерге тамсана қарап, экскурсия жүргізген сарбаздарды айтқандарын қызыға тыңдады. Тіпті «Исшіл иттердің суретін сатып алайықшы» деп қоймады. «Өскенде мен де әскерге барамын, Отан қорғаймын!» дейді. Концерт өте жоғары деңгейде өтті. Рухтанып тұрмай, – дейді Астана тұрғыны, көп балалы ана Арайна Маратқызы концерттен алған әсерімен бөлісіп.

**МЕНШІК ИЕСІ:**  
«Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС



Бас директордың м. а.  
**Гүлжанат ЖҰБАНИЯЗОВА**

**РЕДАКЦИЯ:**  
Шеф-редактор:  
**Айнұр ЖЫЛҚЫШИНОВА**  
Тілшілер:  
**Гауһарай ЕСІМОВА**  
**Раушан НАРБЕК**  
**Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН**

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді

- Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
- Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
- Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
- Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
- Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Газет айына 4 рет шығады. Басылым «Медиа-холдинг Египи» ЖШС баспаханасында басылады. Астана қаласы, Алматы ауданы, Сілеті к-сі, 30 Индексі: **65395** Таралымы: **23153** Тапсырыс: **№ 853**

**БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:**  
ИИК – KZ74856000000147459  
БИЖ – KС1ВК2КХ  
БИН – 051040005963 КБЕ-16  
«БанкЦентрКредит» АҚФ  
РНН 600900114533

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**  
010000, Астана қаласы,  
Майлин көшесі, 4/1.  
Телефон: 8 (7172) 37-88-64,  
ішкі нөмір 115  
www.mediaovd.kz  
Эл. пошта: saqshy@mediaovd.kz